

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ

ЖЕР РЕСУРСТАРЫН  
БАСҚАРУ КОМИТЕТІ

«АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ  
АЭРОФОТОГЕОДЕЗИЯЛЫҚ ІЗДЕСТІРУ  
МЕМЛЕКЕТТІК ИНСТИТУТЫ  
(АШАИМИ)»  
ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК  
КӘСІПОРНЫ



МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КОМИТЕТ ПО УПРАВЛЕНИЮ  
ЗЕМЕЛЬНЫМИ РЕСУРСАМИ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ  
НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ  
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИНСТИТУТ  
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ  
АЭРОФОТОГЕОДЕЗИЧЕСКИХ ИЗЫСКАНИЙ  
(ГИСХАГИ)»

## БҰЙРЫҚ

*4 қыркүйек 2023 жыл*

Алматы қаласы

## ПРИКАЗ

№ 251-0

город Алматы

### Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» № 4 ҮББ жобаларын орындау жөніндегі нұсқаулықпен бекітілген сыбайлас жемқорлық қаупі бойынша ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларының 2-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес келесі бағыттар бойынша бөлімшелер қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілсін:

1) бөлімшелердің қызметіне әсер ететін нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) бөлімшелердің ұйымдастырушылық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы (бұдан әрі – Жұмыс тобы) құрылсын.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ішкі талдаумен қамтылатын кезең 2021 жылғы 1 қаңтар – 2022 жылғы 31 желтоқсан болып белгіленсін.

4. Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мерзімін 2023 жылғы 4 қыркүйектен 2023 жылғы 4 қазанға дейін белгілесін.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге басшылық ету, үйлестіру және жауапкершілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы – Ержан Онгарбаевич Түсуповке жүктелсін.

6. Персоналмен жұмыс және құжатайналым басқармасы жұмыс тобының мүшелерін осы бұйрықпен таныстырсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

Директор

Г. Бимендина

**Қызметіне сыбайлас жемқорлық қаупі бойынша  
ішкі талдау жасалуы тиіс бөлімшелердің тізімі**

1. Мемлекеттік сатып алу басқармасы.
2. Экономика басқармасы.
3. Жобалау және бюджеттік жоспарлау басқармасы.
4. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік басқармасы.
5. IT басқармасы.
6. Персоналмен жұмыс және құжатайналым басқармасы.
7. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы.
8. Маркетинг басқармасы.
9. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс басқармасы.

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобының құрамы**

р/с №	Аты-жөні	Лауазымы
1.	Тусупов Ержан Онгарбаевич	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің басшысы, жұмыс тобының басшысы
2.	Камбаева Гулайым Амангельдиновна	Персоналмен жұмыс және құжатайналым басқармасының кадр жөніндегі инспекторы, жұмыс тобының хатшысы
3.	Жумабаева Мейрамкуль Битановна	Бас бухгалтер, жұмыс тобының мүшесі
4.	Базилулы Ербол	Ішкі аудит қызметінің басшысы, жұмыс тобының мүшесі
5.	Анимарбеков Алмаз Серғазыұлы	Персоналмен жұмыс және құжатайналым басқармасының басшысы, жұмыс тобының мүшесі
6.	Бестибаев Ернур Нурланович	Құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы, жұмыс тобының мүшесі
7.	Воронина Татьяна Ивановна	Жобалау және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы, жұмыс тобының мүшесі
8.	Аппаков Мухан Шахмаевич	Экономика басқармасының басшысы, жұмыс тобының мүшесі
9.	Алтыбаева Акмарал Сапаровна	Мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы, жұмыс тобының мүшесі
10.	Бекқұлиев Ақылбек Әділханұлы	IT басқармасының басшысы, жұмыс тобының мүшесі